

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарының II бөліміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 25 шешімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою тәртібінің 3-тармағына, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 3-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 31-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 79 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарының II бөлімі мынадай мазмұндағы 45-позициямен толықтырылсын:

<p>"45. Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы (ЕАЭО ТР 037/2016) (техникалық регламенттің (өлшеу құралдарын, химиялық ток көздерін және ерекше жағдайларды көрсете отырып, жалпы ашық қолдану саласын) қолдану саласын кеңейту, қауіпті заттардың бақыланатын номенклатурасы бойынша</p>	<p>Беларусь Республикасы</p>	<p>мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 жылғы</p>	<p>2".</p>
---	------------------------------	-------------------------	-------------------	------------

<p>талаптарды өзектілендіру және олардың электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарының құрамында болуын шектеу, тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарын кәдеге жарату жөніндегі талаптарды қосу бөлігіндегі № 1 өзгерістер)</p>			IV тоқсан	
---	--	--	-----------	--

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Респуб ликасынан	Беларусь Респуб ликасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республ икасынан	Ресей Федераци ясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайылов	Э. Асрандиев	А. Оверчук